

Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен заң күші бар электронды құжаттың қағаз жүзіндегі данасының заңды тең маңыздылығын куәландырудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы N 287-п, N 193 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2007 жылғы 20 шілдедегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4820 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 18 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі № 99 бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2010.04.27 № 18 және ҚР Әділет министрінің 2010.04.05 № 99 бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471» Қазақстан Республикасында»"электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына сәйкес, азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жедел әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қоса беріліп отырған Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен заң күші бар электронды құжаттың қағаз жүзіндегі данасының заңды тең маңыздылығын куәландырудың ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау үйлестіруші орган - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

3. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Әділет министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А қ п а р а т ж ә н е б а й л а н ы с*

агенттігінің төрағасы

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А қ п а р а т ж ә н е б а й л а н ы с*

агенттігі төрағасының

2007 жылғы 29 маусымдағы N 287-п

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2007 жылғы 29 маусымдағы N 193

бірлескен бұйрығымен бекітілді

Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен заң күші бар электронды құжаттың қағаз жүзіндегі данасының заңды тең маңыздылығын куәландыру ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және заң күші бар электронды құжаттың қағаз жүзіндегі данасының заңды тең маңыздылығын куәландыру тәртібін анықтайды.

2. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі - Орталық) өтініш иелеріне электронды нысандағы мемлекеттік қызметтерді осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

3. Заң күші бар электронды құжаттың қағаз жүзіндегі данасының заңды тең маңыздылығын куәландыру, мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) орталыққа өтініш беруші алуы қажет құжатты нақты көрсете отырып ереженің 2-қосымшасына сәйкес, өтініш бланкісін толтырады. Бір құжат алу үшін бір өтініш бланкісі толтырылады;

2) куәландыруға уәкілетті орталық қызметкері өтініш берушінің өтінішін мемлекеттік және орыс тілінде қабылдауды жүзеге асырады;

3) куәландыруға уәкілетті орталық қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығына олардың дұрыс толтырылуына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкестігін тексереді;

4) куәландыруға уәкілетті орталық қызметкері дұрыс және толық толтырылған құжаттың тапсырылған кезде, қабылданған өтінішті осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштерді есепке алу журналына тіркеп және өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес қолхат береді.

Түскен құжаттарды есепке алу журналы электрондық түрде жүргізілуі мүмкін ;

5) куәландыруға уәкілетті орталық қызметкері түскен өтініш бойынша тиісті электрондық деректер қорына өзінің электрондық қолын куәландырып, сұрау

с а л у д ы

ж і б е р е д і ;

б) уәкілетті мемлекеттік органның сандық цифрымен электрондық қолы мен куәландырылған және сұранысқа келіп түскен электрондық құжат, басып шығарылып, Орталық қызметкерінің жеке қолымен куәландырылады, өтініш иесіне беріледі.

4. Осы ережеге сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органның сандық электрондық қолымен куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізушіде басып шығарылған және орталық қызметкерлерінің жеке мөрімен куәландырылған құжатқа заңды тең.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен
заң күші бар электронды құжаттың
қағаз жүзіндегі данасының заңды тең
маңыздылығын куәландыратын
ереженің 1-қосымшасы

Электрондық түрде өтініш берушілерге көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесі

1. Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын беру.

2. Жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беру.

3. Жылжымайтын мүліктің құқықтары (ауыртпалықтары) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен
заң күші бар электронды құжаттың
қағаз жүзіндегі данасының заңды тең
маңыздылығын куәландыратын ереженің

2-қосымшасы

_____ ауданының
_____ қаласының

Халыққа қызмет көрсету орталығы

_____ тел. _____
_____ мекен-жайдың тұрғыны

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

Өтініш N _____

Қосымшалары бар мынадай құжаттарды:

өтініш (өтініш берілген мемлекеттік қызметтің түрі)
қабылдауыңызды сұраймын.

(өтініш берушінің қолы)

« » « » "__" _____ 200__ ж.

(к е с у с ы з ы ғ ы)

Қ о л х а т N _____

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

қосымшалары бар мынадай құжаттар: _____

өтініш (өтініш берілген мемлекеттік қызметтің түріне)
қабылданды.

Құжаттың берілген күні және жері: " __ " _____ 200__ ж. __ сағ. __ мин.

_____ мекен-жайы бойынша N _____ каб. (терезе).

Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

" __ " _____ 200__ ж. __ сағ. __ мин. мөрдiң орны

Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен
заң күші бар электронды құжаттың
қағаз жүзіндегі данасының заңды тең
маңыздылығын куәландыратын ереженің

3-қосымшасы

Келіп түскен өтініштерді есепке алу журналы

P/c N	өтініштің қабылданған күні, уақыты және нөмірі	өтініш берушінің Т.А.Ә.	өтініш нысаны	уәкілетті органға жолдаған күні және уақыты	қаралу мерзімі	уәкі- летті органнан келіп түскен күні және уақыты	қарау нәти- жесі

--	--	--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК